



«ЖІПТ СУЛТАНЫ – 2019»

Қостанай құрылыс колледжінде алғаш рет «Жіпт сұлтаны – 2019» байқауы өтті. Дүбірлі додада қаламыздағы білім ошақтарынан іріктелген білекті де білімді 7 жіпт бақ сынады. Олар күш сынасты, өнерлерін көрсетті әрі қазақ тілінің мәртебесін асқақтатты.

3 бет



ПОД НЕБОМ ВДОХНОВЕНИЯ

В Костанай Региональным центром психологической поддержки и дополнительного образования УО АКО проведен областной фестиваль «Детство без границ» среди воспитанников интернатных коррекционных организаций. На этой неделе состоялось гала-концерт и подведение итогов фестиваля.

стр. 13

## Елім деп өсер ұрпақ болсын

Көптеген елдерде патриотизм халықтың өз ұлтының тілін, дінін берік сақтауымен және тарихын мақтан тұтуымен байланыстырылады. Ғасырлар бойы басқа халықтарды басып-жаншып, отарлық үстемдік жүргізген алпауыт мемлекеттерде ұлы державалық патриотизм санасы мемлекеттік ұран ретінде насихатталған.



Кайргали АРЫСПАЕВ,  
Арқалық политехникалық колледжі алғашқы өскери дайындық пәнінің оқытушысы

Ұлтшылдық сезімнің қыры мен сырын, мазмұндық

мәнін ұлтжанды азамат Хасен Оралтай мына мағынада дұрыс бағалаған: «Мен – ұлтшылмын. Ұлтшыл болу – өз ұлтын, өз халқын сүю деген сөз. Қазіргі және бұрынғы Ресей басшыларының бәрі ұлтшыл болған. Өйткені, олардың барлығы басқа ұлттың емес, орыс ұлтының қамын ойлаған. Олардың ұлтшылдығы мен қазақ ұлтшылдығы арасында үлкен айырмашылық бар. Қазақ ұлтшылдығы – қорғану, яғни, мүлдем жоғалып кетпеу, ана тілінен, ұлттық әдебитеті мен тарихы өшіп кетпеу үшін күресу ұлтшылдығы. Орыс пен қытайдың ұлтшылдығы – шовинистік ұлтшылдық» («Елім-айлап өткен өмір». Стамбұл, 1999 ж.).

Шынында да солай. Патриотизмнің көрініс табуы үшін баланың ана тіліне деген сүйішпеншілігін, Отанға деген құрметін жергектен тәрбиелеу қажет. Қазақы санасы қалыптаспаған ұрпақтан патриотизмді күту де бекершілік. Алаштың дарынды ойшылы Жүсіпбек Аймауытов: «Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт – күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, басқаларға өзін

елетіп отыр. Ұлты үшін қызмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар. Олардың баласы жасынен «ұлтым» деп өседі. Балаға бастан ұлттық рухты сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу қажет. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды!» – деп асқан көрегенділікпен пікір айтқан.

Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың хадистерінде патриотизм идеясы өте жоғары қастерленіп, Отанды сүю асқан парасаттылық сезіммен бағаланады. Бір хадисте: «Отанды сүймеген адамның иманы болмайды», – деп көрсетілген. Тағы бір сөзінде пайғамбар: «Нағыз мұсылман – халқынан зәбір көрсе де, оны сүюді, оған қызмет қылуды тоқтатпаған жан», – деп, үлкен ұлағаттылық қасиет танытқан. Осы тұста, жастарға қазақ мүддесін рух жүз, жершілдік сияқты кагидалардың бәрінен жоғары қойып, елге қажет екендігін түсіндіру маңызды. «Қазақ руға бөлінбейді, қазақ рудан құралады» деген аталы сөзді ұмытпасақ игі.